

## «Үш ата» – Талдықорған қаласының тарихи-мәдени ескерткіші

Бөкен М.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор А.Б. Қалыш  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ескерткіш – елдің, халықтың мәдени мұрасы демекші қазақ даласы тарихи – мәдени ескерткіштерге бай. Талдықорған қаласының аймағында 2 338-ден астам тарихи-мәдени ескерткіштер орналасқан. Оларға ғұлама ғалым Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың, жыр дүлдүлі Сүйінбайдың ескерткіштері және елді жаудан қорғап, дарабоз батыр атанған Қабанбай батыр ескерткіші және өз заманында халыққа қорған болған Ескелді, Балпық, Қабылиса сияқты әулие, 2006 жылы ұлы арғы аталарымыздың құрметіне билерге қойылған «Үш ата» ескерткіші С. Әбікенұлының қамқорлығының арқасында бой көтерді.

Сан ғасырлар бойы қазақ халқының өмірінде әділеттілікті сақтау мен құқықтық қатынастарды дамытуда, саяси сана мен мәдениеттің дамуына от ауызды, орақ тілді билер белсенді ықпал етті. Бүгінде Талдықорған қаласының қақ ортасында «Үш ата» деп аталған ескерткішінің орналасуы өзінде үлкен мағына жатыр – үш алып қарттың жанарлары шығысқа қарап, көптеген ғасырлар бойы алдымызда не күтіп тұрғанын асқан шеберлікпен болжай білген, егемен Қазақстанның арайлап атар таңын көріп тұрғандай.

### **Ескелді би**

Ескелді би (шамамен 1692-1770 жж.) Әмбе жалайыр әулие атанған Ескелді би – күллі қазақ халқына қауіп төнген XVIII ғ. ел қорғаған ерлердің бірі. Ол өзінен екі жас кіші Балпық әулиемен, Қабылиса ақын, әрі батырмен, қол бастаған Орақ батырмен бірге жоңғар басқыншыларына қарсы жойқын жорықтар жасап, елінен, жерінен айырылып босып кеткен жалайырлардың басын құрап, Жетісу өлкесіне қоныстандырған тарихи тұлға.

Күллі Ұлы жүзді аузына қаратқан Төле биден бата алған Ескелдінің абыройы көтеріліп, барша Жалайырдың билігіне араласа бастайды. Өзінен екі жас кіші Балпық би де осы тұста ел басқаруға жарап қалған еді. Екеуі тізе қосып, Орақ батырларды қолбасшы етіп, елді үгіттеуге, мәмле жүргізуге от ауызды, орақ тілді Қаблиса (Қабан) ақынды бас етіп. Сыр бойындағы елді Жетісу өлкесіне қарай көшіреді.

Ескелді бастаған қол Іле, Қаратал, Көксу бойында қалмақ жасақтарына қырғидай тиіп, бекіністерін талқандап, үнемі жеңіске жетіп отырған. Азық-түлік, күш-көлік әкелген жақтан тылдағы керуенін ілгері бастырмай, тау-таудың қуысына тығып талқандайды екен. Ол бастаған қолдың Іле, Бақанас жақтағы ерліктері осы күнге дейін ел аузында.

Ескелді бидің кесенесі қасиетті болып саналады. Сол себепті бұл жерде қажылық етушілер көп келеді. Негізі кесені батырдың 300 жылдығына орай 1992 жылы тұрғызылған [1, 57-60 бб.; 2, 33 б.].

### **Балпық би**

Жалайыр елінде әрі көсем, әрі би, әрі қол бастаған батыр атанған Балпықтың тарихы. Ескелді би Қабылиса ақынмен бірге ол да көзі тірісінде әулие саналған. 1694 жылы дүниеше келіп, Қаратал, Көксу бойында 1784 жылы қайтыс болса керек. Балпық он екі ата Жалайырдың ең үлкен Андас тармағына жатады. Қай жерде, қандай жағдай болмасын өзінен екі жас үлкен Ескелді бимен аты қатар аталған. Жүздеген жылдар бойы үздіксіз шапқын жасап тұрған Жоңғар қалмақтарынан ығысып, Сыр бойын, Шу бойын паналап жүрген Жалайырдың басын құрап, Ескелді, Қабан ақын, Орақ батырлармен бірге жаудан босаған Жетісу өлкесіне көшіріп әкеліп, қоныстандырған еңбегі ел аузында ерекше айтылады.

Балпық, Ескелді, Орақ батыр Аңырақай шайқасында Жалайырдың қолын бастап, қалмақтарды Іле жариясына тоғытқан. Жаудың негізгі күші Талдықорған жаққа қашқанда үлкен бір тобы қасқа жолдан шалғайда жатқан Іле, Балқаш, Қамау жақты паналамақ болды. Ұлы қолбасшылар Кіші жүздің ханы Әбілхайыр, қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, шапырашты Наурызбай, жаныс Өтеген, албан Райымбектер қалмақтарды күншығыс жаққа қуған, артта қапталда қалған жау тобын жайратуды Ескелді, Балпық, Орақ батырлардың жасағана тапсырса керек. Қапшағайдан Балқашқа дейінгі 500

шақырымдай ұзақ жылда олар жүргізген жойқын жорық жайында ел аузында аузыдан аңыз, әңгіме көп [3, 113 б.; 4, 78 б.].

Бүгінде менің туған өлкем «Балпық би» есімімен аталады. Яғни 1993 жылы 4 мамырдан бері Көксу ауданы орталығына Балпық би атамыздың есімі берілген. Ал Балпық бидің бейіті Үштөбе қаласының түбінде.

### **Қабылиса жырау Асанұлы**

Қабан (Қабылиса) жырау Асанұлы (1733-1824 жж.) – Жалайырдан шыққан аса көрнекті қайраткер. Өр мінезімен, өжет батырлығымен, от ауызды, орақ тілді сөзімен көзінің тірісінде-ақ Қабан ақын атанған. Ол ел басшылары Ескелді, Балпық билермен қатар «әулие» деген атқа ие болған. Өйткені әр жерде шашырап, көшіп-қонып жүрген жалайырлардың басын қосып біріктіруде, тұтас бір ел етіп топтастыруда оның еңбегі, қажыр-қайраты үш ғасыр бойы аңыз-әңгімеге айналған. Ел үшін, жер үшін қанын төгуге, жанын қиюға әзір екенін мына бір көріністен-ақ байқауға болады.

Қабанның қандай ақын болғанын Кенен Әзірбаевтың «Жамбыл жыр» деген толғауынан аңғару қиын емес:

Ұстазы Сүйінбайдың Қабан ақын,  
Бас иген Ұлы жүзде тамам ақын.  
Нағашысы Жалайыр Қабан еді деп,  
Жамбыл атам айтатын маған атын.  
Атағың үлкен еді-ау Қабан жырау,  
Жамбылдың айтқан сөзі есте тұр-ау.  
Жиені – сарбас ақын сөйлерінде,  
Әдеті – мұртын қағып, құлақ бұрау.

Қабан ел-жұртты татулыққа, бауырмалдыққа шақырудан жалықпаған. Жақан Исаұлы деген кісі мынадай бір оқиғаны айтқан: «Сол заманда Іле өзенінің оңтүстік батыс беткейінде қазақ-қырғыз арасында жанжал туып, қырғыз жағының бір батыры мерт болады. Мұның аяғы насырға шабатын болған соң, қазақ жағы Шу бойында жатқан Қабанға адам жібереді. Лезде жеткен Қабекең қанды дауды шешу үшін екі күн, екі түн жырлап, қазақ пен қырғыз ежелден дос-бауыр екенін «төсекте басы, төскейде малы қосылған» туыстығын дәлелдеп, татулыққа шақырған көрінеді».

Қабан талай айтысқа түсіп, жеңімпаз атанған ақын болған. Оның делелі бүгінгі бізге жеткені бірең сараңы олар: «Тұмаршамен және Таутанмен айтысы». Тұмарша сұрақ қойғанда өмірдің, тіршіліктің, діннің сан-саласын жұмбақтап қояды, ал Қабан сүрінбестен дәл, әрі анық жауап қайырып отырған. Қабан ақынның жырларында «Әрқашан білгенімді салдым хатқа», «Өзім терген кітаптан оқып, білдім», «Жазып отырмын», «Жазып кеттім» деген сөздер кездеседі. Бұдан, ол жан-жақты сауатты адам болғаны байқалады. Жетісудің даңқты ақын-жыраулары үлгі тұтқан, аруағына сиынған Қабылиса-Қабан ақын мұрасы аз сақталғанмен, ертеңгі ұрпаққа тәлім-тәрбие берерлік алтын қазына.

1993 ж. Алматы облысы Көксу ауданында Қабылиса жыраудың 300 жылдық мерейтойы тойланды. Кеңес дәуірі кезінде, 1954 ж. ақынның ұрпақтары ескерткіш тақта орнатып, ағаш отырғызды. Ал 1977 ж. Қабан жыраудың рухын өшірмей мәрмәр тақта орнатады. 2010 ж. Көкбастау жотасы, Іле өзені жағасында Қабылиса жыраудың кесенесі салтанатты түрде ашылады [5, 152-153 бб.].

Қорытындылай келсем Жер жәннәты – Жетісу. Тарихи оқиғаларға бай Құт мекен. Елін қорғана батырларымыз тек бары ғана емес әрі ақын, әрі шешен болған. Олар қалдырған руханилықты біз, бүгінгі қазақ жастары ұмыт қалдырмауымыз керек. Әр кез еске алып қана қоймай батырларымыздың айтқан өнегелі, тәрбие берелік өлең, дастандарын жадымызға қалыптастыруымыз қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ би-шешендері: танымдық жинақ / Құраст. Серікқазы Қорабай. – Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2016. – 204 б.

2. Биболов С. Ескелді би-даналық дариясы.-Алматы: «Білім» баспасы ,2017.-33 б.
3. Тоғысбаев Б., Сужиков А. Тарихи тұлғалар. – Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2011. – 113 б.
4. Исмаилов О. Бабалар сөзі-даналық көзі. – Алматы: «Білім» баспасы, 1996.156 б.
5. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1986. –330 б.

## **Бұтақты-І қонысы – Алматы қаласында орналасқан тарихи ескерткіш**

Ғалымжан Н.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Ғ.Т. Бексеитов  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы – Қазақстанның ең үлкен магитральді қалашығы. Территориялық шекарасы бойынша Тянь-Шань тауларының солтүстігіне қарасты Іле Алатауының баурайында, Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан. Қаланың іргетасы 1854 жылы құрылып, Верный атымен танылды, Кеңес Одағы жылдарында қала атауы Алма-ата болып өзгертілді. Осылайша 1929-1997 жылдары аралығында Қазақстанның астанасы болып бекітілді. 1993 жылдан бері қала ресми түрде Алматы деп аталды. 2020 жылғы 1 қыркүйектегі халық санағының мәліметі бойынша қала халқының саны 1 млн 955 мың адмды құрайды.

Алматы қаласы көптеген тарихи ескерткіштерге бай өлкенің қатарында. Мысалы: Бұтақты І қонысы, 47 қорғаннан тұратын Боралдай сақ қорымы, орта ғасырға жататын Алматы І, Теренқара қалашықтары секілді маңызды ескерткіштері жетерлік. Осы ретте аталған ескерткіштердің ішінен мен баяндамамның тақырыбы ретінде Бұтақты І қонысын таңдап алдым.

Бұтақты-І қонысының территориялық аймағы бойынша Алматы қаласының оңтүстік-шығыс беткііне қарасты Көк төбе тауының етегіне жақын маңдағы Жарбұлақ (Казачка) өзенінің оң жағалауындағы төбе басында орналасқан. Қоныстың таралу аймағының ұзындығы 1,5-2 км және ені 1 км дейінгі өзеннің оң жағалауындағы тегіс террассадан тұрды. Археологиялық кешеннің негізгі бөлігі қазіргі заманғы құрылыс нәтежиесінде қиратылып, тек батыс бөлігі ғана сақталып қалған [1, с. 86].

1996 жылы А.А. Горячев бастаған археологиялық экспедиция жұмыстарының нәтежиесінде шаруашылық-құрылыс қызметінің апатты жағдайда болған, қоныс толық қанды зерттеліп, ескерткіш қатарына енгізілді. 1997-1998 жж. далалық қазба маусымдарында ҚР БҒМ Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкерлері кешеннің өмір сүру кезеңін анықтау мақсатында апаттық жағдайдағы ескерткіштерді құтқару мақсатында археологиялық ізденістіру жұмыстарын атқарды. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде сарматтық екі жерлеу және түркі дәуіріне тән бір жерлеу орыны табылып, есепке алынды. Жүргізілген іздестіру жұмыстарының нәтижесінде жерлеу деңгейінен 2 м төмен тереңдікте қола дәуіріне тән тұрғын үйлерінің орындары анықталып, есепке алынды. Сондай-ақ, 1996-1999 жылдары Бұтақты-І археологиялық кешенінде негізінен апаттық жағдайда тұрған ескерткіштерді құтқару мақсатында барлау қазба жұмыстары қоса жүргізілді [2, с. 17].

2003-2004 жылдары Алматы кешенді археологиялық экспедициясы жоспарлы археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді: сақталып қалған учаскінің топографиялық жоспары жасалып, оңтүстік бөлігінде апаттық жағдайда тұрған жерлеу орындары мен қола дәуіріне тән тұрғын үйдің орынында археологиялық қазба жұмыстары атқарылды. Атқарылған қазба жұмыстарының нәтижесінде 120 ш. м. шамасында шаршы пішінді жартылай жертөле ретіндегі бір тұрғын үй толығымен қазылды. Қазба жұмыстарын жалғастыру нәтижесінде оңтүстік-шығыс бөлігінде тегіс түсетін пандус түрінде жасалған есік орыны анықталды. Зерттеу нысанына алынып отырған тұрғын үйді салу үшін тереңдігі 1,2 м шұңқыр қазылды деген пайым келтіре аламыз. Шұңқыр қабырғаларының бойымен тірек қазықтар орнатылды. Үйдің қабырғалары жұқа бөренелерден тұрады ішкі және сыртқы